

Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының «Жамбыл Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2016-2017 оқу жылындағы кітапхананың **қыркүйек** айының мәліметі

Биыл 8-ші қазақ, орыс сыныптарына оқулықтар түгел әкелінді. Келген оқулықтарды сынып бойынша бөліп, тіркеу кітабына тіркелінді. Тіркелген оқулықтар мектеп оқушыларына сынып жетекшілері арқылы таратылды. Әр сыныптарға оқулықтардың жеткендігі қадағаланды. Бірінші орында тұл жетім, жағдайы төмен отбасы оқушыларға оқулықтар таратылды. 2016-2017 оқу жылында атқарылатын кітапхананың жылдық жоспары айлық жоспары бекітілді. Бүгінгі күні кітапхана қорында жалпы 10294 дана кітап бар. Оның 7183-і оқулықтар 3201-і көркем әдебиеттер бар. Біздің мектеп оқушыларының оқырмандар саны-415. Олардың барлығы кітапханаға жазылып тіркелді. Оқырмандардың абонементтен алған кітаптарды оқырмандар залына оқыған кітаптары тіркеліп отырылды. Ал жоғары сынып оқушылары қосымша деректер табуда энциклопедиялар, сөздіктер басқа география, физика пәндері бойынша сұраған тақырыптық мәліметтер қосымша әдебиеттер қанағаттандырылып отырылады. Тауелсіздіктің 25 жылдығына көрме ұйымдастырылды. «Тәуелсіз елім- Қазақстаным», «Біздің бір ғана Отанымыз» тақырыбында накыл сөздер, суреттер, буклеттер кітаптар қойылды. «Кітапханаға саяхат» тақырыбында 7 сынып оқушыларымен кітапханаға жасалған көрмелерді кітапхана бұрышымен таныстырдық. Мектеп әкімшілігімен бірлесіп барлық сыныптардың кітаптың жыртылуын, қапталуын, сабаққа әкелуі қадағаланды. Келген газеттерді бөліп таратып отырамыз. Кітапхана келген оқушыларды кітаптарын тауып беруге көмектесіп отырамыз. Кітапхана келіп түскен әрбір жаңалықтарды мұғалімдерге, оқушыларға жеткізіп отырамыз. Облыс басқармасынан әр түрлі пәндер бойынша дискеттер келіп түсті мұғалімдерге таратылып берілді. Күнделікті мұғалімдер мен оқушыларға керекті кітаптарды тауып беріп отырамыз. Әр апта соңында кітапхананы реттеп шаңын сүртіп тазалап отырамыз.



Мектеп директоры:

Ж.Ахмедов

Кітапхана меңгерушісі:

А.Абдуллаева